



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№

28.03.2023ж. №113

Астана қаласы

город Астана

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар: бөлімшелердің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; бөлімшелердің ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілсін.
2. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде (бұдан әрі – Министрлік) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің 2023 жылға арналған кестесі бекітілсін.
3. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Министрлікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы мерзімі 2023 жылғы 17 сәуірден бастап 16 маусым аралығындағы кезең болып айқындалсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Министрліктің аппарат басшысы Р.Е. Исақұловқа жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған кезден бастап күшіне енеді және таратылуы тиіс.

Министр

Д. Қыдырәлі

Согласовано

28.03.2023 17:44 Сағубаева Алма Жаскайратовна

29.03.2023 09:54 Мұқажан Әлішер Қуатұлы

29.03.2023 14:42 Құспаев Урал Арыстанович

29.03.2023 14:44 Исакулов Рахымжан Ержанович

Подписано

29.03.2023 16:03 Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы



Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан - Кусенова Ф. О.